

№ 15 колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

№ 1 ХАТТАМАСЫ

21.03.2024 жыл

№ 15 колледж МКҚК

Қатысқандар: № 15 колледж сала басшылары, қаржы-шаруашылық бөлімі, пед.күрам - 45 адам

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес № 15 колледж қызметкерлеріне 2023-2024 оқу жылының I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты № 15 колледж директоры Е.Нурханов жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелерді, құндылықтары мен принциптерін түсіндіріп өтті.

№ 15 колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс-офицері міндетін атқарушы Б.Тойжанов - ол өз кезегінде 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодексін, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін, бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндірілгеніне тоқталды.

№ 15 колледж кадр бөлімінің меңгерушісі Г.Тилеубекова - ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2022 жылғы 2 ақпандағы ҚР Президентінің № 802 Жарлығы, 2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР Еңбек Кодексінің нормалары мен лауазымды адамдар мен қызметкерлердің міндеттері, мінез-құлық ережелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты ережелері барлық қызметкерлердің еңбек шартында көрсетілгенін айтты.

Колледж директоры Е.Нурханов 26.04.2023 жылы № 60/1 н/қ квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс-офицері міндетін атқарушы Б.Тойжановтың бекітілгенін айтты. Алдағы уақытта жоғарыдағы көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе, колледж директоры:

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтері туралы үлгілік ережелерінің сақталуы;
2. 26.04.2023 жылы № 60/1 н/қ квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс-офицері міндетін атқарушы Б.Тойжановтың осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша I, II тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіруі есепке алынсын!

